

А. Aidarova, M. Uskenov, A. Zhakeshova // Indian Journal of Science and Technology. – 2016. – № 9 (5).- PP.137-143.

7 Opanasjuk, I. V. Osobennosti formirovaniya i jeffektivnosti pticeproduktovogo podkompleksa regional'nogo APK [Tekst]: monografija / I.V. Opanasjuk, N.S. Abramova. – Tjumen': TIU, 2016. – 77 s.

8 Hachemizova, Je.A. Organizacionno-jekonomicheskij mehanizm formirovaniya kooperativnyh organizacij v pticevodstve re-

giona[Tekst] / Je. A. Hachemizova // Mezhdunarodnyj zhurnal prikladnyh i fundamen-tal'nyh issledovanij. – 2015.– № 12 (7). – S. 1305-1308.

9 Moldashev, A.B. Problemy formirovaniya jeksportnyh resursov mjasnogo zhivotnovodstva v Kazahstane [Tekst]/ A.B. Moldashev, G.A. Nikitina// Problemy agrorynka.-2018.-№ 2.- S.7-15.

10 Esbolova, A.E. Sostojanie i obosnovanie perspektiv razvitija otrasli pticevodstva v Kazahstane [Tekst]/ A. E. Esbolova// Vestnik KazJeU.- 2016.- № 3(110).– S. 38–48.

ҒТАХР 69.31  
ӨОЖ 69.31.99

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БАЛЫҚ ШАРУАШЫЛЫҒЫ САЛАСЫН  
МЕМЛЕКЕТТІК ҚОЛДАУ**

**ГОСУДАРСТВЕННАЯ ПОДДЕРЖКА ОТРАСЛИ РЫБНОГО ХОЗЯЙСТВА  
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН**

**STATE SUPPORT FOR FISHERY INDUSTRY OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN**

**Г.Т. АХМЕТОВА\***

Э.Ф.К.

**Э.М. АДИЕТОВА**

Э.Ф.К.

**С.Б. АЛЬДЕШОВА**

экономика ғылымдарының магистрі

Х. Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті, Атырау, Қазақстан  
esentemir@mail.ru

**Г.Т. АХМЕТОВА**

К.Э.Н.

**Э.М. АДИЕТОВА**

К.Э.Н.

**С.Б. АЛЬДЕШОВА**

магистр экономических наук

Атырауский государственный университет им. Х. Досмукхамедова, Атырау, Казахстан

**G.T. AKHMETOVA**

C.E. Sc.

**E.M. ADIYETOVA**

C E.Sc.

**S.B. ALDESHOVA**

Master of Economic Sciences

Atyrau state University named after Khalel Dosmukhamedov, Atyrau, Kazakhstan

Аңдатпа. Қазақстанда балық шаруашылығын дамытудың рөлі, оның жағдайы, мәселелері мен перспективалары көрсетілген. Зерттеу көрсеткендей, оның республика үшін маңызы зор, өйткені балық еті елде және шетелде үлкен сұранысқа ие болуда. Кәсіптік балық шаруашылығы 3 млн га пайдаланды, балық өнімдері адам денсаулығы үшін пайдалы және жеткілікті табысқа ие. Балық саласын мемлекеттік қолдау қажеттілігі байқалады. Балықшылар табиғи су көздерінен балық аулаумен ғана шектеледі, бұл оның қорын төмендетеді. Авторлар қоршаған ортаны қорғау және балық өнімдерінің негізгі түрлерін өндіру жолдарының

..... 111

Қазақстан Республикасының 2030 жылға дейінгі даму стратегиясына дейін және одан кейін қабылданған бәсекелестікке қабілетті тауар шығарып, қызмет көрсетуге бағытталған теориялық алғышарттарды эконо-микалық нақты көрсеткіштерге ұластыру қажет және ол бүгінгі күннің көкейтесті талаптарының бірі. Ол үшін, экономистердің пайымдауынша, әр ел әлемдік шаруашылықта өз тауарымен және қызметімен өз орнын табуы тиіс. Десе де, белгілі бір ел ішкі азық-түлік және киім-кешек сұранысын мейлінше өзі қамтамасыз еткен жағдайда ғана ұлттық экономика бәсекелестікке қабілетті болмақ және ол тұрақты экономикалық даму кепілі.

Тұңғыш Елбасының стратегиясына сәйкес, жаңа ауланған балықты қабылдаудан бастап, оны мұздату, одан әрі өңдеу және кең таңдауда балық өнімдерін шығаруға дейін толық технологиялық өндірістік тізбек құрылды. Яғни, шикізаттан дайын өнім шығаратын өндіріс «кластер» жүйесінің қағида-сы балық шаруашылығы ұйымдарында қолданылуы керек [1].

Еліміздегі балық шаруашылығы жыл өткен сайын дамып келе жатса да, мемлекет тарапынан қолдау қажет етеді. Балық шаруашылығы және оның дамуы Қазақстан үшін маңызы жоғары. Біріншіден, еліміз «тоғызыншы территория» теңіздер мен мұхиттарға шыға алмайды. Екіншіден, біздегі балық еті елімізде ғана емес, шетелде де үлкен сұранысқа ие. Мәселен, балық экспорттайтын шаруашылықтар бүгінде 3 миллион гектар жерді пайдаланады екен. Үшіншіден, балық еті – адам денсаулығына пайдалы, одан жасалатын өнімнен де түсім мол.

#### **Зерттеу материалдары мен әдістері.**

Балық шаруашылығымен айналысамын деушілер үшін ғылыми кеңес беретін мекемелер бар. Мәселен, «Қазақ балық шаруашылығы ғылыми-зерттеу институты» ЖШС балық шаруашылығының, оның ішінде гидробиология, ихтиология, аквамәдениет саласындағы барлық мәселелерге әдістемелік-консультациялық көмек көрсетеді. Сондай-ақ, зерттеу институтында жасалған заманауи жобалар тауарлық өнімді өсіріп-көбейтуге көмектеседі.

Зерттеу институты балықты қолдан өсіру үшін Қазақстанның климаттық ерекшеліктеріне келетін экономикалық тиімділігі жоғары технологияларды әзірледі. Жаңа технологиялар шағын балық шаруашылықтарына бейімделген. Егер технологияның барлық талаптары ескеріліп, қажетті температурамен дұрыс қорек жасалса, балық тез өседі. Мәселен, көксерке, тияпия

сынды отандық және шетелдік нарықта сұранысқа ие балықтарды өсіру технологияларының ірі және шағын кешендерге арналған нұсқасы бар. Оларды шаруашылықтарға енгізіп, жүзеге асыру үшін қаржыландыру көздері қажет.

Ауыл шаруашылығы министрлігі балық өнімдерін акваторияларда өсіруге ат салысқан шаруашылықтарға инвестициялық субсидия қарастырған. Бұл көмек жобаның 20%-ын қаржыландырады. Аталмыш субсидия жабық су қоймаларында балық өндірісін дамытуға бағытталған. Кез келген бизнес-жоспары бар немесе кепілзат қоя алатын кәсіпкерлер қаржы институттарынан несие алуына болады.

#### **Нәтижелер және оларды талқылау.**

Балық шаруашылығы мемлекеттік қолдауға мұқтаж. Балықшылар табиғи қорлардан балық аулаумен шектеледі. Ал бізде табиғи су көздерінен балық аулау кесіренен елдегі оның қоры азайып бара жатыр. Қоршаған ортаны қорғау мен аталған шаруашылықты дамытудың бір жолы бар. Ол – аквамәдениетті дамытуды қолға алу.

Қазақстанға Ресей, Қытай және Норвегия секілді елдерден түрлі консервілер, мұздатылған күйде балық сүбесі, уылдырықтар, теңіз балығы мен асшаяндары тасымалданады. Әуелі ветеринарлық және санитарлық тексеруден өтеді. Қай бір кезде камбала тұқымдас теңіз табанының улы екендігі туралы ақпарат шыққанды.

Аталған мәліметтер ғылыми дәлелденбеген, ешқандай дереккөзі жоқ. Дегенмен, отбасы денсаулығын сақтау үшін, импорттан гөрі отандық балық өнімдерін пайдаланған жөн.

Балық шаруашылығындағы түйткілді мәселелерді бірнешеге бөліп қарастыруға болады. Біріншісі, кейбір көлдердің суы сарқылып, айдыны азайып бара жатыр. Мәселен, Арал теңізінің көлемі 1960 жылмен салыстырғанда 4 есеге кеміп, екіге бөлініп қалды. Соңғы жылдары Арал суын қалпына келтіру үшін әрекеттер жасалған. Әйтсе де, аталған жоба теңіздің кіші бөлігін қалпына келтіруге ғана шамасы жетті. Екінші мәселе – аквамәдениет бойынша мамандар өте аз. Ихтиология мамандығына жыл сайын мемлекеттік гранттар бөлінеді. Алайда диплом алған мамандар балық шаруашылығына бармайды немесе жас мамандар тиісті біліктілікке ие емес. «Қазақ балық шаруашылығы ғылыми-зерттеу институты» мемлекеттен қолдау күтетінін айтады: «Қабылданғалы жатқан аграрлық өнеркәсіпті дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы-

на зор үміт артамыз. Аквамәдениет саласы дамыту мен қаржыландыруға зәру».

Браконьерлікпен күресу де – маңызды мәселе. Браконьерлік жұмыспен күрестің төмендігі, біріншіден, теңіз қайықтар мен шапшаң жүретін катерлер тапшы. Сондықтан солтүстік Каспий бойынша бақылау жұмыстары толық деңгейде жүргізілмейді. Екіншіден, жанар-жағармай үшін бөлінетін қаржы да жетіспейді. Мәселен, Атырау облысына браконьерлікпен күрес үшін жылына керекті мөлшердің 30 пайызы ғана бөлінеді. Бұл сома Жайық өзенін бақылауға ғана жетеді. Ал өңірде одан басқа Каспий теңізі мен Қиғаш өзені бар.

Қазақстан территориясында қызыл кітапқа енген балықтар – бекіре, ақсерке, шортанның кейбір түрлері сұранысқа ие. Халыққа қолжетімді сазан, дөңмаңдай, сонымен қатар, сүйегі аз, еті дәмді көксерке балығы да өтімді. Дегенмен, балық шаруашылығы ішкі сұранысты өтей алмай отыр. Жыл сайын елге шамамен 27 мың тонна балық сырттан әкелінеді екен. Ішкі нарықты қанағаттандыру үшін қолдан балық өсіруді бір ізге салу керек.

Балық өсірудің тиімділігі жоғары: «Сазан, ақ амур, бақтақ түрлерін өсіру тиімді. Олар асырауға қолайлы, шығыны аз, су талғамайды. Мәселен, ірі қараның төлін өсіру үшін 2 жыл уақыт кетеді. Ал балықтың өсу мерзімі өте қысқа. Жабық су қоймаларында сазан аналығын гипофиз гармонин салу арқылы бір жылда екі рет уылдырық шашқызуға болады. Бір аналық 2 млн уылдырық тастап, оның 15%-ы, яғни 150 мыңы тірі қалады. Шамамен алғанда 70 мың балық өсіп шығады. Жақсы жем, қолайлы күтім көрсетілсе, 1 жылда солардан таза 70 мың балық етін алуға болады [2].

Балық шаруашылығымен айналысатын деушілер үшін ғылыми кеңес беретін мекемелер бар. «Қазақ балық шаруашылығы ғылыми-зерттеу институты» ЖШС балық шаруашылығының, оның ішінде гидробиология, ихтиология, аквамәдениет саласындағы барлық мәселелерге әдістемелік-кеңестік көмек көрсетеді. Сондай-ақ, зерттеу институтында жасалған заманауи жобалар тауарлық өнімді өсіріп-көбейтуге көмектеседі.

Қазақстанда балық өнімдерінің айналымын автоматтандырылған есепке алуды енгізу жоспарлануда. Қазақстанда балық шаруашылығын дамыту отандық агроөнеркәсіп кешенінің басымдықтары қатарына шығарылды. АӨК дамытудың мемлекеттік бағдарламасы тауарлық балық өсіру көлемінің 2021 жылға қарай 1,6 мыңнан 5 мың тоннаға дейін өсуі болжанып отыр, бұл

қайта өңдеу қуаттарының жүктелуін арттыруға мүмкіндік береді. Жалпы алғанда, елімізде балық шаруашылығын дамыту үшін барлық жағдай бар-ішкі су айдындарының 3 млн гектары болған жағдайда (Каспийсіз). Соңғы жылдары ел балық өнімдерінің экспортын арттырып, импортын төмендетті. 17 қазақстандық кәсіпорын экспортталатын балық өнімдерінің сапасына Еуропалық одақтың талаптарына сәйкес келеді, ал ҚХР тізіліміне 52 отандық өндіруші енгізілген. Қазақстандық балық өнімдері 10-нан астам елге экспортталады: Австрия, Германия, Грузия, Канада, Қырғызстан, Литва, Нидерланды, Польша, Ресей, Румыния, Тәжікстан, Өзбекстан, Украина, Чехия [3].

Тауарлы балық шаруашылығын дамыту үшін балық өсіру шаруашылығына арналған техника мен жабдықтарды сатып алуға инвестициялық салымдар кезінде шығындардың 30%-ын өтеу; бекіре, албырт және тұқы балық түрлерін өсіру кезінде балықтарға арналған жем құнының 30%-ын өтеу сияқты бағыттар бойынша мемлекеттік қолдау көзделген. АӨК мемлекеттік бағдарламасын түзету шеңберінде балық отырғызу материалына арналған шығындарды субсидиялау арқылы мемлекеттік қолдау шараларын кеңейту бойынша ұсыныстар дайындалды. Айта кету керек, балық өсірумен айналысатын кәсіпкерлерді қолдау үшін 2014 жылдан бастап жабық сумен жабдықтаумен (УЗВ) балық өсіру қондырғыларын және бағбандарды құруға 20% көлемінде инвестициялық салымдарды субсидиялау бағдарламасы жүзеге асырылды.

Сонымен қатар балық шаруашылығы саласындағы мемлекеттік қызметтерді автоматтандыру енгізіледі. Бүгінде сегіз қызмет түрі «Е-лицензиялау» және «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы бойынша ақпараттық жүйе арқылы көрсетіледі [4]. Атап айтқанда, осылайша Қазақстан аумағына флоралар мен фаунаның сирек түрлерін әкелуге рұқсат алуға, ішкі нарықта сауда үшін бекіре уылдырығының маркасын алуға, балық аулаудың шығу тегі туралы анықтаманы және басқа да бірқатар басқа да құжаттарды алуға болады.

2018 жылы мемлекеттік мүлік Тізілімінің веб-порталы арқылы балық шаруашылығы су айдындарын және/немесе учаскелерін бекітіп беру бойынша конкурс өткізу рәсімін цифрлау жоспарлануда. Бұдан басқа, оның көлеңкелі айналымының жолын кесу мақсатында балық өнімдерін нарықта жылжыту мониторингін енгізу бойынша шаралар қабылдануда, ол үшін балық өнімдерінің айналымын бақылаудың автомат-

тандырылған жүйесін құру мәселесі пысықталуда. «Автоматтандырылған есепке алу» рұқсат беру құжаттарының санын қысқартуға алып келеді, сондай-ақ сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін болдырмауға мүмкіндік береді, бұл нарыққа қатысушылар (балықшылар, тасымалдаушылар, өндірушілер, экспорттаушылар) үшін қолайлы жағдай жасайды.

Осыған байланысты балық шаруашылығы субъектілері арасында квоталар бөлу, ауланған балықты есепке алу электрондық форматқа ауыстырылатын болады, сондай-ақ балық өнімдерін қайта өңдеушілер мен экспорттаушыларға оның шығу тегінің заңдылығын растау қажеттілігі жойылады. Шаруашылық жүргізуші субъектілер электронды құжаттарды (ауланған балық туралы мәліметтер және орны ауыстырылатын балық көлемі туралы мәліметтер) өз бетімен толтырады, осылайша бақылау толығымен автоматтандырылады, адам факторы алынып тасталады [5].

Елімізде балық шаруашылығы субсидияланады. 2017 жылдан бастап елімізде биоресурстарды сақтау және балық шаруашылығына қатысты бизнесті реттеуге арналған жаңа ереже күшіне енді. Атырауда бас қосқан Батыс өңірлік қоршаған ортаның жанашырлары мен табиғат пайдаланушылар осы мәселені тағы да талқылады. Балық өсірушілерге арналған субсидия, табиғат қорғау мекемесі қызметкерлерінің әлеуметтік қорғалуы және басқа да салаға қатысты өзгерістер өсімдіктер мен жануарлар дүниесін қорғауға арналған жаңа заң актісінде көрініс тапқан. Еліміздің балық өсірушілері үшін жағымды жаңалық: биылдан бастап мемлекет балық шаруашылығын субсидиялауды қолға алмақ. Осылайша үкімет өңірлердегі балық шаруашылығын субсидиялау арқылы саланы жаңа деңгейге көтеруді көздеп отыр. Бүгінде балық өсірушілер үшін балықтың азығын табу өзекті мәселеге айналған. Себебі бекіре балығын өсірушілер қажетті азықты шетелден қымбат бағаға сатып алып отыр. Енді ол шығындардың бір бөлігін мемлекет мойнына алады.

Бұл инвестициялық субсидия тауарлы балық шаруашылығы мен жабық су қоймаларына қажет арнаулы техника мен қондырғы алуға бағытталған. Ал жеке балық өсірушілерге 30%-дық субсидия бар. Сондай-ақ ірілендірілген кооперативтерге – 50%-ға дейін. Онан өзге балық азығын шетелдерден тасымалдауға кеткен шығынның 30%-ы мемлекет есебінен өтеледі. Сонымен қатар өндірістік кооперативтердің

балық аулау және жүзу құралдарының саны шектеледі. Өйткені кооперативтер балық аулауға бөлінген лимиттің көлеміне қарамастан ау құралдарын артығымен пайдаланады. Бұл өзен-көлдердегі тәртіптің бұзылуы мен браконьерлік әрекеттердің көбеюіне жол ашады. Сондай-ақ биылдан бастап балық аулау телімдерін екінші тұлғаға жалға беруге тыйым салынды.

Балық қорын қорғауға бағытталған жаңа ережеде балық аулауға мүлде тыйым салынған құралдарды сату да заңмен шектеледі. Әсіресе Жайық-Каспий бассейніндегі су мақұлықтары үшін қатерлі қытайлық ау құралдарын сатуға және пайдалануға мүлде рұқсат жоқ. Сондай-ақ жаңа заң ережесінде табиғат қорғаушы мекеме қызметкерлерін әлеуметтік қорғауға жете көңіл бөлінген. Алдағы жылдардан бастап олардың еңбекақысы 25%-ға өсетін болады және табиғат жанашырларын қызметтік пәтермен, жер телімімен қамтамасыз ету де қарастырылған [6].

Атырау облысы – балық шаруашылығын дамытуға аса көңіл бөліп отырған өңірлердің бірі. Қазір тоғанда екі мекеме қызыл балық түрлерін асыраумен айналысып жатыр. Олардың жобалық көрсеткіштері: компаниялардың бірі жылына 60 тонна балық және 1 тоннаға дейін қара уылдырық, ал екінші кәсіпорын 100 тонна тауарлы балық еті және 1 тоннаға дейін қара уылдырық өндіріп отыр. Қазіргі таңда балық шаруашылығымен айналысатын кәсіпорындардың жұмысы қызу жүріп жатыр. 500 келіге жуық қара уылдырықты өндіріп, кәсіпорындар оны өзімізде және алыс-жақын шетелдерге сатуға мүмкіндік алып отыр. Балық аулауға берілген квотаны қазіргі таңда балық саласында қызмет атқарып жүрген 17 мекеме толығымен қолданады. Балық саласындағы 17 мекеменің екеуінде еурокод бар. Яғни, ол кәсіпорындар өнімін Еуропа елдеріне өткізу мүмкіндігіне ие. Өзендерді тереңдету жұмысының арқасында балықшылар Қиғаш, Жайық өзендерінде балық түрлерінің көбейгенін байқаған [7].

#### Тұжырымдар.

1. Балық шаруашылығы ауыл шаруашылығындағы басты саланың бірі болып табылады. Балық шаруашылығынан балықтан жасалатын өнімдермен, емдік дәрілер және мал азығымен қамтамасыз етілуі тікелей байланысты. Осыған орай балық шаруашылығы кәсіпорындары алдында барлық экономикалық мүмкіншілікті пайдаланып, балық шаруашылығы өнімдерінің өнім-

ділігімен өндірістің тиімділігін арттыру міндеті тұр.

2. Балық шаруашылығын одан ары жетілдіру мәселелері бойынша тауарлы балық өсіруді одан ары дамыту үшін шағын және орта бизнесті қолдауды үкімет қолға алмақ. Бұл ретте тұйықталған сумен жабдықтау қондырғыларында, шарбақ, бассейн және тоған шаруашылықтарында тауарлы балық өсіретіндер үшін балық азығына жұмсалатын шығындарды қаржыландыру жоспарланып отыр. «Жасалған есеп-қисаптарға сәйкес, азық құнын 30 пайызға арзандатуды қаржыландыру үшін инфляцияны ескергенде мынадай мөлшерде бюджет қаражаты қажет: 2017 жылы – 200 млн теңге, 2018 жылы – 350 млн теңге, 2019 жылы – 450 млн теңге, 2020 жылы – 500 млн теңге».

3. Тауарлы балық өсіруді қолдау жөніндегі іс-шаралар орындалған жағдайда өндіріс көлемі субсидиялауға бөлінетін сомадан ақшалай алғанда жыл сайын 5 есе көбейіп отыратын болады [8].

4. Біз бүгінгі таңда балық өніміне деген қажеттіліктің өсіп келе жатқанын түсінуіміз қажет және сәйкесінше, біз табиғи популяциядан ауланатын балық көлемдеріне ғана сүйенбеуіміз керек. Біздің бүгінгі таңдағы міндетіміз – балықтардың табиғи популяциясына түскен жүктемені алып тастау. Оны аквамәдениетті дамыту арқылы ғана алып тастауға болады.

#### Әдебиеттер тізімі

1 Мусаева, А.А. Ауыл шаруашылығындағы бухгалтерлік есеп [Текст]: оқу құралы / А.А. Мусаева, С.Б.Альдешова, А.С. Биктеубаева. – Алматы: Нархоз университеті.- 2016.- 301б.

2 Мусаева, А.А. Салалардағы бухгалтерлік есеп жазбалары [Текст]: практикум /А.А.Мусаева, Ж.Б. Хамидуллина, Ш.Б. Сисенғалиева, С.Б. Альдешова.-Атырау: Ақ жайық баспасы, 2015.-112 б.

3 Балық шаруашылығы қарқынды дамуда. - 2016.- (<http://www.atyrau.gov.kz/>).

4 Уталиева, Р.С. Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық дамуында тура шетелдік инвестицияның ролін талдау және бағалау

[Текст]: монография / Р.С. Уталиева, С.Б. Альдешова. - Атырау: Атырау баспасы, 2018.-108 б.

5 Балық шаруашылығы саласы бойынша.-2019.- (<http://www.atyrau.gov.kz/>).

6 Троценко, П. Жайықта қырылған балықтың шығыны миллиондап саналады [Текст]/ П.Троценко// Газета «Прикаспийская коммуна» .-2018.- N24.

7 Арыстанбек, К. Елімізде балық шаруашылығы субсидияланады [Текст] / К. Арыстанбек., Т. Сұлтанғазиев, А. Мәтенев // Газета «Атырау». -2017.-N6

8 Әлирахым, Б. Атырау облысында теңізден балық аулауға шектеу қойылмақ [Текст] / Б. Әлирахым, Т. Сұлтанғазиев // Газета «Прикаспийская коммуна».- 2018.- N11.

#### Әдебиеттер тізімі

1 Musaeva, A.A. Auyıl sharuashylyfyndary buhgalterlik esep [Tekst]: oqu quraly / A.A. Musaeva, S.B.Al'deshova, A.S. Bikteubaeva. – Almaty: Narhoz universiteti.- 2016.- 301b.

2 Musaeva, A.A. Salalardary buhgalterlik esep zhazbalary [Tekst]: praktikum /A.A. Musaeva, Zh.B. Hamidullina, Sh.B. Sisengalieva, S.B. Al'deshova.-Atyrau: Aq zhajyq baspasy, 2015.-112 b.

3 Balyq sharuashylyfy qarqyndy damuda.- 2016.- (<http://www.atyrau.gov.kz/>).

4 Utalieva, R.S. Qazaqstannyn aleumettik-jekonomikalyq damuynda tura sheteldik investiciyanyn rolin taldaу zhөne baralau [Tekst]: monografija / R.S. Utalieva, S.B. Al'deshova.- Atyrau: Atyrau baspasy, 2018.-108 b.

5 Balyq sharuashylyfy salasy bojynsha.- 2019.- (<http://www.atyrau.gov.kz/>).

6 Trocenko, P. Zhajyqta qyrylған balyqtyn shyryny milliardap sanalady [Tekst] / P. Trocenko// Gazeta «Prikspijskaja kommuna» .- 2018.- N24.

7 Arystanbek, K. Elimizde balyq sharuashylyfy subsidijalanady [Tekst] / K. Arystanbek., T. Syltanfaziev, A. Metenov // Gazeta «Atyrau». - 2017.- N6

8 Əlirahym, B. Atyrau oblysynda teňizden balyq aulauға shekteu qoyylmaq [Tekst] / B. Əlirahym, T. Syltanfaziev // Gazeta «Prikspijskaja kommuna».- 2018.- N11.